



## МАЗМҰНЫ

- Кіріспе
- 1 БББ сипаттамасы
- 2 Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері
  - 2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары
  - 2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері
  - 2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері
  - 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзіреттіліктер мен салыстыру матрицасы
  - 2.5 Маманның жеке қасиеттері
- Қорытындылар

## КІРІСПЕ

Бітіруші түлектін құзіреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын жүзеге асырудың құзіреттілік моделі белгілі дәрежедегі (лауазымды), белгілі бір бейіндегі маман қандай кәсіби міндеттерді шеше алуы керек деген сұраққа жауап беруге арналған. Стейкхолдерлер және барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктеріне жауап беретін ЖОО бітірушінің заманауи үлгісін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚҰ-ның басты стратегиялық мақсаты болып табылады және оқу үдерісіне қажетті кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университетте еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавриат түлектерін сапалы даярлауды қамтамасыз ету үшін мақсатты кадрлық саясат және жүйелі түрде университеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту жүргізіледі.

### **1БББ сипаттамасы**

Білім беру бағдарламасы жаһандану контексті мен мәдени динамикасына байланысты қазіргі заманғы маманның әлемдік кәсіби кеңістікте бағдарлай алу қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Мәдениетаралық коммуникативті құзіреттілік қалыптастырудағы перманенттік қабілеті, мәдениетаралық коммуникативтік компетенция, жанасқыштық пен төзімділік негізінде, маманды кәсіптік ұтқырлыққа, өмірдің ауыспалы жағдайларына дайындауға, әлемдік жетістік стандарттарына бейімделуге, өзін-өзі кәсіби жетілдіру мүмкіндіктерін арттыруға негіз болады.

**6B02335 Аударма ісі қысқаша түсініктеме:** ағылшын тілін алғашқы бірінші шет тілі ретінде меңгеру және аймақтың қажеттіліктеріне жауап беретін екінші шет тілін (қытай, корей, араб) таңдау болып табылады. Шетелдік әріптес ЖОО-да білім алу арқылы қос дипломдық бағдарлама студенттерге мамандандыру бойынша бірегей білім алуға мүмкіндік береді. Білім беру бағдарламасының студенттері серіктес жоғары оқу орындарынан шақырылған оқытушылармен екінші шет тілін үйренуге мүмкіндік алады. 6B02335 - Аударма ісі бойынша білім беру бағдарламасы серіктес жоғары оқу орындарының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуға мүмкіндік береді. Бағдарлама студенттері облыстық, республикалық және халықаралық ғылыми студенттік конференцияларға қатысады, еріктілер жұмысымен айналысады, ауызша және жазбаша аудармашылар ретінде қалалық және облыстық әкімдіктер ұйымдастыратын түрлі шараларға қатысады.

## **2.Білім беру бағдарламасынбітіруші моделін қалыптастырудағы құрама компоненттері**

Білім беру бағдарламасын бітіруші моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, объектілері, кәсіптік қызмет түрлері мен бағыттары, маманның құзіреттілік моделі (1-қосымша) туралы ақпаратты, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзіреттердің түрі және білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

**2.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары** өңірдің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктерін қанағаттандыруға және экономиканың түрлі салаларында сыртқы саяси, сыртқы экономикалық, ғылыми-мәдени байланыстарды жүзеге асыратын ұйымдарда кәсіби жазбаша (толық және/немесе реферативтік) және ауызша (ілеспе) аударма жасауға қабілетті аударма саласында жоғары білікті; туризм және өлкетану

жүйесінде, ақпараттық-аналитикалық қызметтер мен агенттіктерде, тіларалық және мәдениетаралық коммуникацияның әр түрлі түрлерінде делдалдықты жүзеге асыруға қабілетті, жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар мамандарды даярлау.

## **2.2 Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- білім алушының мәдениетін қалыптастыру және дамыту үдерісін басқару;
- аударма ісі саласында жүйелендірілген білімді қалыптастыру;
- лингвоаудармашылық үдерісті жобалау және ұйымдастыру;
- аударматану және филология салаларында зерттеулер жүргізу;
- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және әлемдік білім стандартына сәйкес болашақ аудармашылардың сапалы кәсіби деңгейін қамтамасыз ету;
- жалпымәдениетті, кәсіби және бәсекеге қабілеттілігін тәрбиелеу;

## **2.3 Жалпы және бейіндік құзіреттіліктері:**

ЖБҚ1 Қазақстанның қазіргі тарихының негіздерін, қазақстандық қоғамның тарихи даму заңдылықтарын түсінеді, дамудың қазіргі қазақстандық моделінің ерекшеліктерін дәлелдейді; тарихи тұлғалардың өмір сүру үлгісінде қазіргі қоғамның демократиялық құндылықтары рухында, патриотизмді тәрбиелеудің маңыздылығын түсіндіреді.

ЖБҚ2 Сөйлесу әрекеттерінің барлық қырларынан алынған білімді қолданады, кәсіптік маңызды мәселелердің кең спектрін еркін кәсіптік қарым-қатынас жасайды.

ЖБҚ3 Сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін жетілдіреді, коммуникацияның ғылыми саласымен байланысты жаңаларын қалыптастырады, ана тіліне қатысты қосымша қарым-қатынас құралын меңгереді.

ЖБҚ4 Тұлға дамуы туралы психологиялық білімдер негізін, адам психикасының даму заңдылықтары мен механизмдері туралы білім қалыптастырады, әлеуметтік ортада қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін талдау дағдысы дамиды.

ЖБҚ5 Әлеуметтану объектіерін анықтайды; негізгі әлеуметтік идеяларды түсіндіреді; қоғамның әлеуметтік құрылымын және стратификациясын сипаттайды, қазақстандық қоғамды жаңғыртуда әлеуметтік институттардың сипаттамаларын талдайды.

ЖБҚ6 Философия қоғам өмірінің әлеуметтік-мәдени дамуын, мәдени өзіндік болмысты ашу және табудың мүмкін стратегиялары мен тәсілдерін, әлемнің практикалық және рухани дамуының нәтижелерін жалпылайды.

ЖБҚ7 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік таныту, заң мен құқыққа құрмет таныту

ЖБҚ8 Білім алушының оқу-танымдық, ғылыми-теориялық, тарихи, ақпараттық-технологиялық және коммуникативтік, әлеуметтік, саяси, бағалау-ойлау және жалпы мәдениеттілік, тарихи-саяси, және тұлғалық өзін-өзі жетілдіру құзыреттіліктері қалыптасады.

БҚ1 Пәнді меңгеру нәтижесінде әртүрлі коммуникативтік-сөйлеу жағдайларында шетел тілін қолдану заңдылықтарымен, оның жүйесінде жасалған және арнайы мақсаттарға арналған шетел тілін оқыту бағдарламасының бөлігі ретінде әртүрлі сөздік шығармаларда көрініс табатын тілдің бейнелеу-мәнерлі және экспрессивті мүмкіндіктерімен байланысты құзыреттер болып табылады.

БҚ2 Курс аяқталғаннан кейін студент экономикалық бағыттағы қазіргі лексикографиялық ресурстарды;

қаржы саласының қаржы-экономикалық құжаттамасының түрлерін;

экономикалық мәтіндер мен қаржылық құжаттар мәтіндерінің лексикалық ерекшеліктерін біледі.

БҚ3 Болашақ аудармашыларды көркем мәтін құрастыру заңдылықтарымен және оның негізгі қызметтерімен таныстыру.

БҚ4 Студент -ағылшын әдебиетінің негізгі даму кезеңдерін;

- негізгі әдеби бағыттар, көркем әдістер, стильдер және олардың ұлттық ерекшелігін; 19-20 ғғ. көрнекі ағылшын жазушыларының шығармашылығы, олардың туындыларын білуі тиіс.

БҚ5 Заң терминдерді аудару ерекшеліктері курсының негізгі мақсаты қоғамдық саяси мәтіндерді ауызша және жазбаша аударуға дайындау және таныстыру.

БҚ6 Пәнді меңгеру нәтижесінде саяси дискурс аясында білім алушылардың аударма құзыреттілігі қалыптасады, оқытудың кәсіби және прагматикалық бағытын тереңдетуді көрсететін шет тілін меңгеру деңгейіне қол жеткізіледі, қоғамдық-саяси аударма саласында кәсіби-маңызды білімдер мен дағдылар қалыптасады.

БҚ7 Өндірістік практикадан өту нәтижесінде студент келесі құзыреттер шеңберінде дағдыларды бекітуі керек: - оқу, ғылыми, кәсіптік және әлеуметтік-мәдени салаларда қарым-қатынас жасау үшін екі шет тілін ауызша және жазбаша меңгеру, шет тілінде мамандық терминологиясын білу, оқылатын шет тілінде жарияланымдарды дайындау, презентациялар жүргізу, талқылаулар жүргізу және ұсынылған жұмысты қорғау қабілеті;

БҚ8 Пәнді меңгеру нәтижесінде ауызша аударманың әртүрлі түрлерін жүзеге асыру, ауызша аудармашының еңбегін дұрыс ұйымдастыру, ауызша аудармаға дайындау кезінде өз бетінше жұмыс жасау бойынша лингвистикалық, аудармашылық құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

БҚ9 Студент лингвистикалық және ұлттық-мәдени сипаттамалардың ерекшелігін ескере отырып, мәтінге аудармашылық талдау жасау, аударма трансформацияларын, аударма процесін және оның нәтижелерін талдау кезінде оларды қолдану тәсілдерін білуі тиіс.

БҚ10 Газет мәтіндерін аудару түпнұсқаға деген дәлдік, бұл пәнді оқыту нәтижесінде түпнұсқаның мазмұны беріліп, адекватты аударма жасалады. Сондықтан газеттік материалды аудару кезінде түрлі бейнелеу үлгілері және басқа да әдеби тәсілдер қолданылады.

БҚ11 Пәнді меңгеру нәтижесінде әртүрлі коммуникативтік-сөйлеу жағдайларында шетел тілін қолдану заңдылықтарымен, оның жүйесінде жасалған және арнайы мақсаттарға арналған шетел тілін оқыту бағдарламасының бөлігі ретінде әртүрлі сөздік шығармаларда көрініс табатын тілдің бейнелеу-мәнерлі және экспрессивті мүмкіндіктерімен байланысты құзыреттер болып табылады.

БҚ12 Курстың нәтижесі техникалық аударма саласындағы білім алушылардың аударма құзыреттілігі, оқытудың кәсіптік және прагматикалық бағытын тереңдетуді көрсететін шет тілінің техникалық нұсқасын меңгеру болып табылады.

БҚ13 Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сөйлеу мәдениетінің шығу тарихын, шешендік сөйлеудің басты ережелері мен тәртібі туралы білуі тиіс.

БҚ14 Курстың нәтижесі ілеспе аударма саласындағы білім алушылардың аударма құзыреттілігі, оқытудың кәсіптік және прагматикалық бағытын тереңдетуді көрсететін шет тілінің ілеспе нұсқасын меңгеру болып табылады.

## 2.4 Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін қалыптасатын құзыреттіліктер мен салыстыру матрицасы

Құзыреттілік	М1	М 2	М 3	М 4	М 5	М 6	М 7	М 8
ЖББП МК	+							
ЖББП ЖК	+							
БП ЖК		+	+	+				
БП ТК		+	+	+	+	+	+	
БП				+		+		
БеП ТК	+		+	+		+		

БеП ЖК				+		+		
БеП								+

**2.5 6B02335 Аударма ісі бойынша маманның жеке қасиеттері:** көпшіл, лингвистикалық қабілеттер, ұзақ мерзімді есте сақтай алу қабілеті, аналитикалық ойлаудың жоғары деңгейі, ұқыптылық, зерделілік, шыдамдылық, тілдік қабілеттер, эрудицияның жоғары деңгейі, жылдам реакция, сөздік қабілеттер (өз ойын дәйекті және өте анық жеткізе білу), жоғары тиімділік, әдептілік.

### **Қорытынды**

**6B02335 «Аударма ісі»** білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры дәрежесі беріледі.